

ХАТТАМАСЫ №2

Өтілген күні: 26.11.2024 ж.

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау /балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі
2. 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен таныстыру.

Тындалды 1-мәселе: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Л.Б.Курманова балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 9 маусымдағы № 254 бұйрығына және "Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 464 бұйрығына сәйкес «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» бойынша жүзеге асырылатынын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Г.Арыкова балаларды балабақшаға «Dara bala» арқылы ата-аналар электронды сұраныс жіберген кезде балабақша әдіскерімен бірге қамқоршылық кеңесінің мүшелері қатысып кезектегі балалардың жіберілуін бақылағанын айтты. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшаға балаларды қабылдау өз заңдылығына сәйкес жүргізілгенін атап өтті.

Тындалды 2-мәселе: Екінші мәселе бойынша, әдіскер Г.Б.Уразалина 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен таныстырып өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдіру барлық үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болғандықтан, еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж 27 желтоқсандағы №988 қаулысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы айқындалған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінің, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі міндеттерді орындау мақсатында 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйым келесі міндеттерді шешуді қарастырады баланы толыққанды дамыту-қимыл белсенділігіне, ойынға жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз ететін баланың физикалық психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығымен бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Балаларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу, патриоттық, рухани және адамгершілік сезімдерін қалыптастыру, балалардың ерте дамуы үшін әлеуметтік дағдылар мен өздігінен үйрену дағдыларын дамыту, балалардың дарындылығы мен жеке қабілеттерін дамытып балаларды мектепке дайындау.

Жаңа 2024 -2025 оқу жылына қойылатын мақсаттар мен міндеттер:

Мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың дағдыларын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастырып, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Міндеттері :

- Балаларға қауыпсіз дамытушы орта құрып, ойын технологиялары арқылы балалардың коммуникативтік, физикалық, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру;
- «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде ұлттық мұраны қастерлеу, қазақ тілін, салт-дәстүрін құрметтеп, отансүйгіштікке тәрбиелеу.
- Балабақша мен ата-аналар ынтымақтастығын арттыру.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау /балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі қанағаттанарлық деп бағаланып, жұмыс сол қарқында жалғастырылсын.

2. 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен таныстырылып, жұмыс жоспар бойынша жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Г.Арыкова

Хатшы:



Г.Б.Уразалина